



# Сыр бойы

№171-172  
(20245-20246)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

6 қараша, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi\_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi\_kz



ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

2005 жыл  
2004 жыл  
2003 жыл  
2002 жыл

2001 жыл

1999-2000

1998 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК:  
1999-2000 жылдар

Ел Тәуелсіздігінің тарихи шежіресіне көз жүгіртсек, әр жыл бір-біріне ұқсамайтын, айрықша өзгерістерге толы. Әр күн, әр сәт ерекшелігі аса маңызды оқиғалармен айықталған. Солардың қатарында 1999 жылдың өз ерекшелігі бар.

**СБ** Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,  
«Сыр бойы»

«Ұрпақтар бірлестігі мен сабақтастығы жылы» аталған уақытта елеулі тарихи оқиға, әрине, Қазақстан Республикасы Президентін сайлау болды. 1999 жылдың 10 қаңтарында мерзімінен бұрын болған сайлауға қатысқан дауыс берушілердің 79,78%-і Нұрсұлтан Назарбаевты қолдады. Осындай жауапты кезеңде Сыр елінің жұртшылығы да өз таңдауын жасады. Сайлаушылар тізіміне енгізілген тұрғындардың 95,13 проценті сайлауға қатысып, 81%-тен астамы өз дауыстарын Елбасына берді.

Ал сайлаудан бір аптадай уақыт өткен соң, 19 қаңтар күні ҚР Президентігіне кандидат Н.Назарбаевты қолдау жөніндегі қоғамдық штабтың негізінде «Отан» партиясы құрылды. Осы күні партияның құрылтай съезі өткізіліп, 12 ақпанда тіркеуден өтті. 22 қаңтарда Мемлекет басшысы ҚР Үкіметінің құрылымы туралы Қаулы қабылдады. Ол бойынша Үкімет 1 кенсе, 14 министрлік және 9 агенттіктен құрылды.

3-бет

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:

жекелер үшін: 6 айға – 3500 теңге.

Мекемелер үшін: 6 айға – 4500 теңге.



2 Ақсуатты газдандыру басталады



5 Өз ана жорыған түс



8 Төрт үздігіміз финалға шықты



● ПРЕЗИДЕНТ

## ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ



Қорғаныс министрлігінде Қазақстан Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен кезекті Стратегиялық командалық-штабтық әскери оқу-жаттығу жиыны өтті.

Мемлекеттік орган басшылары Президентке гибриді қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл шаралары мен мемлекеттің

қорғаныс қабілетін арттыру жөнінде баяндады. Оқу-жаттығу жиынының қорытындысы бойынша Мем-

лекет басшысы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін одан әрі дамыту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

● МЕРЕЙ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Уәлихан Бишімбаевпен жүздесуінде қайраткерді 75 жас мерейтойымен құттықтады. Кездесуге облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, мерейтой иесінің жұбайы Алмира Нұрлыбекова және өзге де азаматтар қатысты.



## Академик асуы

Облыс әкімі белгілі ғалым Уәлихан Қозықеулінің ел Тәуелсіздігін нығайтуға, отандық білім мен ғылымға сіңірген еңбегін атап өтті.

Уәлихан Бишімбаев – ғалым, техника ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылыми қайраткері. 500-ден аса ғылыми еңбектің, оның ішінде 13 монография, оқулықтар, оқу құралдары, 29 өнертабыс пен патенттің авторы. «Құрмет белгісі», «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марапатталған, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы.

– Сіздің тәжірибеніз, ақыл-кеңесіңіз жастар үшін қашанда аса қымбат. Білімдерлік, жоғары талапшылық пен еңбексүйгіштік сынды асыл қасиеттеріңіз жас ұрпаққа өнеге. Соның арқасында Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлық иегері болдыңыз. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты ретінде көптеген өзекті мәселелерді көтердіңіз. Облысымызда сіздің бастаманыңмен Жамбыл гидро-мелиоративтік-құрылыс институты Қызылорда филиалының негізі қаланды. Бүгінде осы оқу орны еліміздің көптеген жастары бітіріп, түлектер түрлі салада табысты еңбек етуде, – делі облыс әкімі.

Басқосуда академикке Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Сондай-ақ, Уәлихан Қозықеулі мен оның жұбайы Алмира Балтабайқызына ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, облыстық мәслихат депутаты Қылышбай Бисенов және облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов ізгі тілектерін білдірді.

Кездесу соңында мерейтой иесі облыс әкіміне және әріптестеріне көрсеткен құрмет үшін алғыс білдіріп, Сыр өңірінде еңбек еткен жылдары туралы естеліктерімен бөлісті.

Сондай-ақ, Қызылордада Уәлихан Бишімбаевтің құрметіне ғылыми-танымдық конференция ұйымдастырылып, академик атындағы дәрісхана ашылды.

«СБ» ақпарат

● ДЕНСАУЛЫҚ

## Емхана филиалы ашылды

Облыс орталығындағы «Астана», «СПМК-70» шағын аудандарының тұрғындары енді №3 қалалық емхана филиалының қызметін пайдалана алады. Филиалдың ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменова, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов, қоғам қайраткері Биғали Қаюпов және қала тұрғындары қатысты.

**СБ** Гүлбану МАҚАЖАН,  
«Сыр бойы»

– Халық денсаулығын сақтау – басты міндет. Қазір қала тұрғындарының саны артуда. Халыққа медициналық қызметті қолжетімді ету үшін емхана филиалы ашылып отыр. Бұл қазіргі жағдайда ең қажетті медициналық ұйым. Осы аумақта 5 мыңға жуық бала бар екен. Олардың денсаулығына ерекше назар аудару керек, – делі облыс әкімінің орынбасары.

№3 қалалық емханаға барлығы 66 777 адам тіркелген. «Астана», «СПМК-70» шағын аудандары бойынша 12 166 адам осы филиал қызметін ала алады. Ауысымына 50 тұрғын қабылдауға арналған орталық заманауи үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Тіркеу орны, дәрігерге дейінгі қарау бөлмесі, аймақтық дәрігер, акушер-гинеколог, егу бөлмесі, алдын ала егу бөлмесі қызмет көрсетеді. Филиал «Астана», «СПМК-70» шағын ауданы, Қараша, Көктөбе, Сыр Сұлуы, Орынбор, Бәйтерек, Атырау, Ақтау көшелерінің тұрғындарына арналған.



● ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

## Ет нарқы: Енжарлықтан есеміз кетіп жатыр

Қараша түскеннен қазақтың мал байлап, соғым қамына кірісетіні бәсеңдеген белгілі. Әсіресе, жылқы етін аңсайтындар көп. Дегенде, әр үй шамасына қарай ірі қарасын іріктеп, көрпесіне қарай көсілетін шақ бұл. Қысы қатал өңірде тұратын халықтың соғымға келгенде тартына бермейтін дағдылы әдеті, әрине, етке деген сұранысты еселей түсетіні аян.

Алайда күн санап құбылып тұрған сол ет бағасына қатысты біз қандай талдау жасай аламыз? Бір адамды білуші едік. Осы қаладағы ет нарығында орны бар. Ауылдан шыққан жігіт ағасы. Ет дүкенін ашып, арзан бағада өткізіп, пайдасын тигізіп жүргені естиміз. Өмірсерік Құрасбаев екі мыңыншы жылдардан бастап облыс көлеміндегі ет бизнесіне дендеп кіргенін айтады. Ал оған дейін «Ескі базарда» түрлі кәсіппен шұғылданған оның ет саудасында мүлде тәжірибесі де болмаған.

**СБ** Ержан ҚОЖАСОВ,  
«Сыр бойы»



6-бет













